

Бекітемін



“Жан-Нұр” бөбекжай-бақша ЖШС

меңгерушісі Ибадуллаева Б.

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: «Жан-Нұр» бөбекжай- бақшасы

Топ: «Бөбек» ортаңғы топ

Балалардың жасы 3 жас

Жоспарлардың құрылу кезеңі: 02 - 06 қыркүйек 2024 жыл

Тәрбиешілер: Жақсылық Мираш

Күн тәртібі	Дүйсенбі 02.09.2024ж	Сейсенбі 03.09.2024ж	Сәрсенбі 04.09.2024ж	Бейсенбі 05.09.2024ж	Жұма 06.09.2024ж
Балаларды қабылдау 08:00 - 9:00	Балаларды әсем әуенмен,көтеріңкі көңіл күймен қарсы алу,жағымды атмосфера орнату.Көңіл күйін сұрау. Коммуникативті дағды	Қызыл жүрекшемен көңілді тілек айтып қарсы алу,үйде немен айналысқанын сұрау. Коммуникативті дағды	Шармен , көтеріңкі көңіл күймен қарсы алу,балалық шақ күйін қосу. Шығармашылық дағды. Ұлттық құндылық.	Қонаққа келген қоянның ойыншығымен қарсы алу,қоянның сұрақтарына жауап беру. Коммуникативті дағды	Достар әнімен қарсы алу. жағдайын,көңіл күйін ата-аналардан сұрау. Денсаулығын тексеру . Жеке жайлы жағдай жасап қабылдау Шығармашылық дағды

Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Балалардың көңіл-күйі, денсаулығы жайлы әңгімелесу.	Үйдегі өзіне-өзі қызмет ету дағдыларының қалай қалыптасып жатқанын сұрау	Баланың үйдегі ойыншықтарға деген қызығушылығы жайлы сұрау	Балабақшадан кейінгі баланың өзін-өзі қалай ұстаттығын жайлы әңгімелесу	Демалыс күндердегі баланың күн тәртібі жайлы әңгімелесу
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) 08:00-09:00	Күз мезгілінің маусымдық өзгерістермен таныстыру. Жанды және жансыз табиғаттағы маусымдық өзгерістерді бақылауды үйрету арқылы зейіндерін дамыту. Экологиялық мәдениет экологиялық білім беру	«Қай жануар артық» Мақсаты: Жасырылған жануарларды таба алады.	«Қуыршақты киіндір» мақсаты: қазақ халқының ұлттық киімдерін тануға үйрету. Ұлттық құндылық	Заттардың белгісі мен қасиеттерін анықтай білуге жаттықтыру. Табиғатты сүйуге баулу Экологиялық мәдениет экологиялық білім беру	Асық ойындары Ұлттық құндылық
Таңертеңгі жаттығу	Қыркүйек айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені (жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенді ойын әрекеті)				
Таңғы ас 09: 00 – 09:30	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. (мәдени гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке Дайындық 09:30 – 09:40	Бала, оның отбасы, үйі. «Мен» бейнесін,	Біртекте заттардан топтар құрастыру және олардың	Өртүрлі түстегі және пішіндегі бөлшектерден қарапайым	Заттық сурет салу. Түрлі бағытта тура сызықтарды, олардың қиылысуын	Ертегілердің мазмұнын түсінуге, тыңдауға, бейнелі сөздерді есте

	кұрдастарын, өзін балалар қоғамының бір мүшесі ретінде сезінуге, әртүрлі ойындарды өз бетінше ойнауға үйрету, өз іс-әрекеттерін оң бағалау және өзін-өзі бағалауын, ойында туындаған мәселелерді шешу тәсілдерін дамыту. Қоршаған ортамен танысу	біреуін бөліп көрсету Шама ұзындығы мен ені бойынша екі қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыру; бойынша заттардың әртүрлі болатыны туралы түсінік беру. Математика негіздері	кұрылыстар құрастыру Құрастыру	жүргізе білуді қалыптастыру. сурет салу	сақтауға үйрету. Көркем әдебиет.
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет 09:40 – 10:20	Дене шынықтыру Белгілі бір тапсырмаларды орындау арқылы еркін жүру және жүгіру дағдыларын қалыптастыру: сапта бір-бірлеп, бірінің артынан бірі, тізені жоғары көтеріп жүру, тізені жоғары көтеріп жүру аралықты сақтай отырып, бағытты өзгертіп	Музыка Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдау; Аспаптардың, музыкалық және шулы ойыншықтардың дыбысталуын ажыратуды үйрету; Сөйлеуді дамыту - Суретте жылдың қай мезгілі	Дене шынықтыру бірінің артынан бірі, тізені жоғары көтеріп жүру, тізені жоғары көтеріп жүру аралықты сақтай отырып, бағытты өзгертіп қол мен аяқ қозғалыстарын үйлестіру. Математика негіздері	Қазақ тілі қай мезгілі бейнеленген? - Күз мезгілінің ерекшеліктерін атау. Сурет салу «Әдемі алма» Дөңгелек пішіннен алманың суретін салып, өз қалаулары бойынша бояйды.) Математика	Дене шынықтыру беру, аяқты өзіне қарай тарту, доға тәрізді дөңгелектеп иу, Отырған, жатқан қалыпта екі аяқты созу, түрегеліп тұрған қалыптан солға, оңға, алға қарай еңкею. Отырып, аяқтың ішкі қырымен құм салынған қапшықты алу, екі

қол мен аяқ қозғалыстарын үйлестіру. Балалар, мынау біздің тобымыздың бөлмесі. Бөлmemіз жарық, әрі кең. Топта сіздерге арналған көп ойыншықтар бар. (Балаларға демонстрациялық көрнекілікті көрсете отырып, балабақшамен таныстыру) – Мынау не? – Оған не саламыз? т.б. сипаттарын атау, түсін, көлемін айту. – Мынау не? – Оған не саламыз? – Қандай ойыншық көріп тұрсыңдар? – Мынау не? (Кереует – жататын төсек). – Онда не істейміз? (ұйықтаймыз, т.б.) топ, бөлме, кереует, қолжуғыш	бейнеленген? - Күз мезгілінің ерекшеліктерін ата. - Күз мезгілі несімен қызықты? - Күздің неше айы бар? - Күзде адамдар қандай еңбек жасайды?Қосаған ортамен таныстыру  ағаштаға құстарды салыстыру Математика негіздері Бар сиқыр осы қарындаштардың ұшында екендігіне тоқталады. Ұстағышпен ұстап олардың ұшын шығарады. Қарындаштың ұшымен, қатты баспай әдемілеп сызықтар сызуды көрсетеді. Қарындашты оң қолдың үш саусағы –	Қағаз бетін ашық түсті дақтармен саусаққа жағылған бояу мен жақпалармен толтырумен сурет салуға үйрету Сурет салу «Неге ұқсайды?» дидактикалық ойын-жаттығуы. Бұл тапсырмада балалар суреттегілердің неге ұқсайтынын айтып, сурет бойынша сәйкестендіреді. Балалар мен шар, текше, доп сөздерімен сөздік жұмыс жүргізіледі. – Төртбұрышты текшеге ұқсайды. – Сары түсті. – Шар – шар, текше – куб, доп – мяч. – Допқа ұқсайды, ол домалақ, домалайды. – Қарбыз допқа	негіздері, Сөйлеуді дамыту Педагог балалардан күзді қандай белгілеріне қарай анықтауға болатынын сұрайды. Күзде табиғатта қандай құбылыстар байқауға болады? Балалар өз болжамдарын айтады: Далада жаңбыр жауып тұр, күн суыта бастады, салқын жел соғып, сарғайған жапырақтар жерге түсіп жатыр. Күн шығып тұрғанымен бұрынғыдай қыздырмайды. Сол арқылы балалардың табиғат құбылыстарының атауларын ауа райындағы өзгерістермен салыстыра отырып атап көрсету	аяғымен секіру. көркем әдебиет, музыка Балалардың қалауы бойынша әжелерге арнап тақия суретін бояуын ұйымдастыру, қарандашты дұрыс ұстауын дамыту. Түрлі түсті ермексаздан моншақ (дөңгелек) жасау. Фланелеграфқа моншақ бөлшектерін жапсырып, моншақ тізу. (сурет, мүсіндеу, жапсыру) Еркін іс әрекеттер
--	--	---	--	--


	сөздерімен сөздік жұмыс жүргізіледі. Қоршаған ортамен танысу,көркем әдебиет Ойыншық үйді дәсүрден тыс сурет салу арқылы жасау Дәстүрден тыс сурет салу	бас бармақ, сұқ саусак, ортаңғы саусакпен ұстап, ұшын қатты баспай әртүрлі сызықтар, нүктелер, дөңгелектер сызып, жұмыс жасау жолдарын көрсетеді	ұқсайды. – Алма шарға ұқсайды. Сөйлеуді дамыту	қабілетін нығайтады. Қоршаған ортамен таныстыру	
Дәруменді таңғы ас 10:20 – 10:30	Дәрумендердің ағзаға қандай пайдасы бар екенін атып түсіндіру.				
Серуенге дайындық	Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру				
Серуен 10:30 – 12:10	Бақылау: Бұлтты бақылау. Мақсаты: Бұлттың түзілуі және олардың түрлерін :шарпы, будақ,қабатты бұлиларды ажырату. Еңбек Ауладағы гүлдерді суару. Мақсаты: Балаларды қоршаған әлемге	Бақылау: Жылы жаққа қайтқан тырналарды бақылау. Мақсаты: Күзде тырналардың жылы жаққа кететіндігін, қыс мезгілінде тамақтың тапшылығы, аяздың қаттылығы оларға қиынға соғатындығын түсіндіру.	Бақылау: Желді бақылау. Мақсаты: Желдің түрлерімен таныстыру;салқын жел, жылы жел, ұйытқып соққан жел.Желдің күштілігі ауа-райының салқындығын үдететіндігін түсіндіру. Еңбек: «Әдемі	Бақылау: Мақсаты: Көшедегі машиналардың жүрісін бақылау.Олардың түрлерімен таныстыру.Машина адам үшін , уақытын үнемдейтіндігімен түсіндіру.Машинаға қарсы жүгірмеу, көше тәртібін құрыс сақтап жүруге үйрету.	Бақылау: Кұстардың күзгі тіршілігін бақылау. Мақсаты: Кұстардың күзгі тіршілігін қадағалай отырып, кейбіреуінің жылы жаққаұшып кететіндігі, ал кейбіреуінің қыстап қалатындығы туралы түсінік

	камқорлықпен қарауға, табиғат әсемдігін сезіне білуге тәрбелеу. Қимылдық ойын: «Соқыр теке». Ойын барысы: Соқыртеке кең бөлмеде , аулада ойнауға болатын қызықты ойын.Шеңбер сызылып , оның ортасына көзі байланған «соқыртеке» жіберіледі.Қалғандары оны «соқыртеке бақ-бақ»,- деп мазақтап түртіп қашады.Бірақ олар шеңберден шығып кетпеуі тиіс.Егер соқыртеке ойыншылардың бірін ұстап алса, даусына қарап оның атын айтады.Дәл тапса ұсталған адамның көзі байланып	Еңбек: Құстарға жем сауыт жасау. Мақсаты: Құстарға камқорлық қарауға , аяушылық сезімдерін оятуға тәрбиелеу. Дидактикалық ойын: «Күзде не киеміз?» Мақсаты: Күз мезгіліне байланысты адамдардың киімкою үлгісін көрсете түсіндіру.	гүлдер» Мақсаты: Гүлзардағы гүлдерді суару.Өсімдіктерге камқор болу, аялау, күту. Қимылдық ойын: «Орамал тастау». Ойын барысы: Орамал тастау ойыны қатысушылар араласа шеңбер құрып отырады.Ойнаушыл ар эн немесе әңгіме айтып отырғанда бастаушы оларды сырттарынан айналып, біреуді белгілеп, оның артына қолындағы орамалды тастап кетеді.Егер қайта айналып келгенде әлгі адам өзінің сырт жағында қалған орамалды байқамаса, басқаоушы оны орамалмен ұрғылайды.Ал, егер отырған адам өзінің	Еңбек: Ағаш түптерін қопсыту, су құю. Мақсаты: Табиғатты аялай білуге, өсімдіктерге камқор болуға үйрету. Қимылдық ойын: «Ұшты-ұшты» Ойын барысы: « Осы кезде ұшты-ұшты қазан ұшты, ұшты-ұшты қабан ұшты»,- дейді. Осы кезде ұшпайтын нәресеге қолын көтерген кісі айыпты болып есептеледі.Ұшатын және ұшпайтын нәрселер жұртты жаңылту мақсатында әдейі арба- қарға,үйрек-бүйрек, кептер-кепсер, көже- шөже, іркіт- бүркіт болып айтылады.Есек ұшты, есік ұшты, етік ұшты, бесік ұшты деп ұзақ	беру. Еңбек: «Біздің ойыншықтар». Мақсаты: Ойыншықтарын ұқыптап таза ұстауға, мұқияттылыққа үйрету. Қимылдық ойын: «Жүзік салу» Ойын барысы: Балалар сап түзеп тұрады.Ойын басқарушы бірінші тұрған адамға құлағына сыбырлап, сөз немесе сөйлем айтады, ол келесі көршісіне сыбырлап естіген сөзін жеткізеді, солай соңғы адамға дейін жалғасады.Ал енді ойын басқарушы соңғы адамнан бастап әлгі айтылған сөзді сұрайды.Бастапқы айтқан сөзі кейде
--	---	--	---	---	--

	«соқыртек» болад		сыртына орамал түскенін байқаса , бастаушыны қууға тиіс.	айтылып келіп, шөмеле ұшты, бөдене ұшты деп жаңылыстыруға болады.	өзгеріп кетуі мүмкін, соны қате естіп өзгерткен адам айып өтейді. Айып түрлері: Ән салу, би билеу т.б
Серуеннен оралу 12:10 – 12:30	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. (дербес қимыл әрекеті).				
Түскі ас 12:30 – 13:00	Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)				
Күндізгі ұйқы 13:00 – 15:10	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. (Музыка)				
Біртіндеп ұйқыдан, ояну сауықтыру шаралары 15:10 – 15:30	<i>Төсектен тұрып, түйіршекті және жұмсақ жолақшалармен жүруді дағдыландыру. (дене жаттығулар мен белсенділігі)</i> Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар).				
Бесін ас 15:30 – 16:00	Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру.				

Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) 16:00-16:45	«Біреу – көп» ойыны. фланелеграфтағы бір және көп заттардың суреті салынған плакатты көрсетеді. Балаларды суретте қай заттар біреуден, қай заттар көп екендігін сұрайды. Кірпілер тек алманы ғана емес, саңырауқұлақтарды да қатты жақсы көретінін айтады. Суретте кірпілерді табуды ұсынады. Кірпілердің арқаларында нешесаңырауқұлақ барын ата? Себетте неше саңырауқұлақ барын ата? Жапсыру  көлеңке тауып орналастыру. Құрастыру	«Суреттерді қарап шығып, күздің бізге не сыйлағанын айтып бер. Күзгі жапырақтың суретін боя. Ол қай ағаштан үзіліп түсті екен?» Қоршаған ортамен танысу Жатыр дала жалтылдап, Жаз шуағын мол құйды. Күн астында алтын дән Тербеледі, толқиды. Толықсыған тасқындай Көкжиекпен ұштасып, Күн астында ақ бидай Билейді қол ұстасып. Көркем Әдебиет	Вариативті компонент Тақырыбы: «Бауырсақ ертегісі» Мақсты: өзра сүйіспеншілік қарым – қатынасқа тәрбиелеу. «Күзгі жапырақтардың түсуі» атты тыныс алу жаттығуына қатысады. Жаттығуларды орындайды: Бөтелкенің қақпағындағы есікке салынған түтікшеден үрлейді. Жел пайда болады. Түрлі түсті қағаз майлық қиындыларымен толтырылған бөтелке мен түтікшелер таратып береді. Қоршаған ортамен таныстыру	Бес саусаққа киілетін театр әлемімен таныстыру, әр баланың саусағына кигізіп, саусақ театры туралы түсінік қалыптастыру (Саусақ театры) Балалар жіңішке жолақ қағаздардың әр түстерін таңдап, жапырақтарды үзіп қияды, көп жапырақ қиып алған соң оны ағаштарға орналастырады, қағазға жабыстырады. Құрастыру, жапсыру	Математика негіздері, сөйлеуді дамыту – Суреттен нені көріп тұрсындар? Алаша қандай пішінге ұқсайды? Қандай түсті жолақтардан жасалған? – Балалар, ертегілер әлеміндегі ханзадаларға сиқырлы алашалар керек екен, көмектесіп жіберейік. Алдын ала үлгіден қиып алып дайындаған көк және қызыл түсті жолақтарды кезектестіре отырып, тігінен, солдан оңға қарай үлгідегідей етіп жапсырамыз
---	---	---	--	--	--

Балалармен жеке жұмыс	Жеке баламен жұмыс: Міндеті: балаларға сурет оқу қызметі бойынша қарандашты дұрыс ұстауға үйрету.	Жеке баламен жұмыс: Міндеті: сөздерді дұрыс айтуды үйрету	Жеке баламен жұмыс: Міндеті: Өлең, тақпақтар жаттату	Жеке баламен жұмыс: Міндеті: Балалармен қарым - қатынаста болуын дағдыландыру	Жеке баламен жұмыс: Міндеті Балалардың есте сақтау қасиеттерін арттыру үшін, балаларға тақпақ жаттату
Кешкі ас 16:45 – 17:00	Бата : «Асқа байлық , денге саулық берсін» Әумин				
Серуенге дайындық	Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары, ірі, ұсақ маториканы дамыту)				
Серуен 17:00 – 17:50	Балалардың жиі ойнайтын ойыншықтарын алып, шығу негізінде еркін. ойындарын ойнату				
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау. (көрем әрекет, дербес ойын әрекеті)				
Балалардың үйге қайтуы 17:50 – 18:30	Ата-аналарға кеңес үйде ойын бұрышын ұйымдастыру.	Психолог кеңесі. (Жеке балаларға)	Балалар отбасында өздері не істей алатындары туралы әңгімелесу.	Кеңес: Бала өміріндегі ойыншықтың маңызы.	Жобаны таныстыру: әжелер мектебі Аналар мектебі Әкелер мектебі

Әдіскер:  А.Досекеева

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: «Жан-Нұр» бөбекжай- бақшасы

Топ: «Бөбек» ортаңғы топ

Балалардың жасы 3 жас



Жоспарлардың құрылу кезеңі: 09 - 13 қыркүйек 2024 жыл

Тәрбиешілер: Жақсылық Мираш

Күн тәртібі	Дүйсенбі 09.09.2024ж	Сейсенбі 10.09.2024ж	Сәрсенбі 11.09.2024ж	Бейсенбі 12.09.2024ж	Жұма 13.09.2024ж
Балаларды қабылдау 08:00 – 09:00	Балаларды көтеріңкі көңіл күймен қарсы алу, көңіл күйін қал жағдайын сұрау. Коммуникативті дағды	Қазақ күйінің сүйемелдеуімен қарсы алу Шығармашылық дағды. Ұлттық құндылық.	Қызыл жүрекшемен көңілді тілек айтып қарсы алу. Коммуникативті дағды	Үш түрлі смайликпен қарсы алу. Жағымды атмосфера орнату. Өлеуметтік дағды.	Қонжықтың таңғы тілегімен қарсы алу Коммуникативті дағды
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Балалардың көңіл-күйі, денсаулығы жайлы әңгімелесу.	Үйдегі өзіне-өзі қызмет ету дағдыларының қалай қалыптасып жатқанын сұрау	Баланың үйдегі ойыншықтарға деген қызығушылығы жайлы сұрау	Балабақшадан кейінгі баланың өзін-өзі қалай ұстайтыны жайлы әңгімелесу	Демалыс күндердегі баланың күн тәртібі жайлы әңгімелесу
Балалардың дербес әрекеті(баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)	«Жеуге жарамды – жарамсыз» жүргізуші белгілі бір көгөніс, жеміс, жидек немесе кез келген заттың атауын атап,	«Тату-тәтті отбасы» мақсаты: Балалар ойын арқылы отбасы мүшелерін дұрыс атауды үйренеді. Коммуникативті	Музыка тыңдау шаттану. ойын: «Бұл не?» Міндеті топ бөлмесімендегі заттарды атау Коммуникативті	«Балабақшадағы қауіпсіз мінез-құлық ережелері» таныстыру, видеоролик көрсету. Қауіпсіздікті қамтамасыз етуге	Үстел үсті ойыны – пазл: «досымның суреті» Міндеті өзбетінше құрастыруға мүмкіндік беру. (Құрастыру әрекеті)

	қатысушыларға кезекпен доп лақтырады.Егер жарамды болса допты қағып алады (немесе қол шапалақтайды). Экологиялық тәрбие Қоршаған ортамен таныстыру	дағды	дағды	бағытталған балалар әрекеті түрі)	
Таңертеңгі жаттығу 08:00 – 09:00	Қыркүйек айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені ((Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).				
Таңғы ас 09:00 – 09:30	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке Дайындық 09:30 – 09:40	Ертегілердің мазмұнын түсінуге, тыңдауға, бейнелі сөздерді есте сақтауға үйрету Қазақ тілі	Тілдің грамматикалық құрылымы -сөздерді жіктелуіне, септелуіне қарай байланыстыру, Байланыстырып сөйлеу: -суреттерді, заттарды қарастыруда, тірі және өлі табиғат нысандарын	Заттық мүсіндеу: сазбалшықтың, ермексаздың қасиеттерімен танысу дағдыларын жетілдіру. Мүсіндеу	Дайын пішіндерден заттардың бейнесін жасауға үйрету; Желімдеу техникасының бастапқы дағдыларын игеру Жапсыру	Нан қоқымын шашпағдар Жерде жатса баспаңдар. Теріп алып қастерлеп Торғайларға тастандар.. Көркем әдебиет

		бақылау Сөйлеуді дамыту			
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет 09:40 – 10:20	Дене шынықтыру Бір-бірінен 1,5–2 метр арақашықтықта отырып, аяқты алшақ ұстаған қалпында допты домалату, допты екі қолымен көкірек тұсынан кері, екі қолмен жоғары, бастан асыра, жоғарыға, еденге (жерге) қарай төмен лақтыру. Мүсіндеу Геометриялық пішіндерді таныстыруды жалғастыру. Карточкалармен жеке жұмыстарды орындату. Сәйкес пішінмен сызық арқылы қосу	Музыка Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдау; Аспаптардың, музыкалық және шулы ойыншықтардың дыбысталуын ажыратуды үйрету; «Маша мен аю» ертегісін айтып беру, қайталап айту дағдыларын дамыту. Көңілді музыкаға билеуді үйрету. көркем әдебиет, музыка  сурет бойына оң жақ пен сол жақты ажырату. Математика	Дене шынықтыру аяқты алшақ ұстаған қалпында допты домалату, допты екі қолымен көкірек тұсынан кері, екі қолмен жоғары, бастан асыра, жоғарыға, еденге (жерге) қарай төмен лақтыру.	Қазақ тілі (Үй жануарлары мен жабайы жануарлар бейнеленген кітаптарды қарату. Жануарлардың азығы жайлы түсінігін қалыптастыру сурет салу Балалардың апта бойы жасаған жұмыстары бойынша еркін әрекеттерді ұйымдастыру.	Дене шынықтыру (Бір-бірінен 1,5–2 метр арақашықтықта отырып, аяқты алшақ ұстаған қалпында допты домалату, допты екі қолымен көкірек тұсынан кері, екі қолмен жоғары, бастан асыра, жоғарыға, еденге (жерге) қарай төмен лақтыру.


		негіздері 			
	 математика негіздері  Балалардың қалауы бойынша дамытушы орталықтарда еркін іс әрекеттер		Үй жануарлары мен жабайы жануарлар бейнеленген кітаптарды қарату. Жануарлардың азығы жайлы түсінігін қалыптастыру сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет Сурет бойынша тапсырма, оң жақ және сол жақ Математика негіздері	Әндер мен тақпақтар және билерді қайталату. көркем әдебиет, музыка Құрастыру материалдарынан қуыршаққа үйшік құрастыруды жетілдіру. құрастыру Еркін іс әрекеттер	Балалардың апта бойы жасаған жұмыстары бойынша еркін әрекеттерді ұйымдастыру. сурет салу, мүсіндеу, жапсыру Еркін іс әрекеттер
Дәруменді таңғы ас 10:20 – 10:30	Күз мезгілінде алманың ағзаға пайдасы туралы түсіндіру.				
Серуенге дайындық	Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту)				
Серуен 10:30 – 12:10	Бақылау: Ауа-райын бақылау.	Бақылау: Күзгі жапырақтарды	Бақылау: Алтын күзді бақылау.	Бақылау: Жәндіктерді	Бақылау: Күнді бақылау.

	Мақсаты: Ауа-райын бақылай отырып, күз мезгілінің өзіне тән ерекшеліктерін көрсете сипаттау. Еңбек: «Таза алаң». Мақсаты: Аула сыпырушыға көмектесу. Тазалыққа, кішіпейілдікке үйрету. Үлкендердің еңбегін қадірлей білуге тәрбиелеу Ойын: «Қасқыр мен қаздар». Мақсаты: Топ болып ойнауға, рөлдерді бөліп ойнауға қалыптастыру.	бақылау. Мақсаты: Мезгілге байланысты жапырақ түстерінің өзгеруін қадағалау. Еңбек: Жапырақтардан гүл шоғын жасау Мақсаты: Қол икемділігін дамыта отырып, әсемділікті, әдемілікті сезіне білуге талпындыру. Ойын: «Аю жүрген орманда». Мақсаты: Қимыл қозғалысын дамыту	Мақсаты: Күзгі алаңның назар аударып, күздің алғашқы белгілерін анықтау. Қай ағаштың жапырақтары ерте өзгеріске ұшырайтынын, түрін, түсін ажырату. Қуандырып біздерді, Кел жемісті алтын күз Мерекелі күз келді Кемелденсін халқымыз. Қимылдық ойын: «Жылғадан қарғып өтеміз», «Қоян мен қасқыр». Мақсаты: Ептілікке, жылдамдыққа бірлесіп ойнауға үйрету.	бақылау. Мақсаты: Күзде жәндіктер қысқа қалай дайындалады? Мінек ей, құмырсқаларды қарандаршы, өз азықтарын жинап еңбектеніп жатыр. «Қыстың қамын жаз ойла». Еңбек: Біздің алаң. Мақсаты: Ауладағы жапырақтарды жинау. Балалардың еңбекке ынтасын арттырып, өздігінен еңбек ете білуге үйрету.	Мақсаты: Күн көзінің жарығын күннен тараған сәуле (жарық) оның бүкіл табиғат үшін пайдалы да қажеттілігін ашу. Қимылдық ойын: «Таяқшадан аттап өт», «Қуаласпақ» Мақсаты: Жылдамдыққа, ептілікке баулу. Еңбек: Гүл шоғы. Мақсаты: Алаңдағы жапырақтарды жинап, олардан әдемі гүл шоғын жасау.
Серуеннен оралу 12:10 – 12:30	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. (дербес қимыл әрекеті).				
Түскі ас 12:30 – 13:00	Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану. Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі				

	қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)				
Күндізгі ұйқы 13:00 – 15:10	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары 15:10 – 15:30	<i>Төсектен тұрып, түйіршекті және жұмсақ жолақшалармен жүруді дағдыландыру. (дене жаттығулар мен белсенділігі)</i> Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)				
Бесін ас 15:30 – 16:00	Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемей. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)				
Балалардың дербес әрекеті(баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер) 16:00 – 16:45	Ойыншықтар қайдан келеді? Бізге ойыншықты көп сыйлайтын адамдар? сөздік қорын кеңейту, байланыстырып сөйлеуді үйрету. сөйлеуді дамыту Сылдырмақ Өзінше бір жыр жырлап, Отыр інім былдырлап. Әрі ойыншық, әрі аспап	Тақырыбы: «Үйшік ертегісі» Мақсаты: Көлік құралдары ойыншықтарымен таныстыру. Олардың өмірдегі қызметі туралы айту, қалай ойнауға болатынын көрсету. «Артығын тап» (әуе жер, су көліктер) бойынша карточкалармен жұмыс жасату сөйлеуді дамыту Балалардың қалауы	Вариативті компонент Тақырыбы: «Қызыл телпек» Мақсаты: ертегі кейіпкерлерінің жағымды, жағымсыз қасиеттерін көруге үрету. Ойын нақты және түсінікті етіп жеткізе білуге дағдыландыру. Балалардың қалауы бойынша топтағы қалаған ойыншығын	«Менің қуаршағым» тақырыбында әңгімелесу. Үйдегі қуыршағын сипаттау, топтағы қуыршақтармен салыстыра сөйлеуді үйрету сөйлеуді дамыту Өзінің сүйікті қуыршағының киімін бояу немесе ермексازдан сөмке, әшекей заттар жасауды меңгерту	«Ғажайып қоржын» ішінен бір ойыншықты ұстап сезу, бірақ көрмей атын атау. Топтағы ойыншықтарды сипаттауын ұйымдастыру. Қоржынана алған ойыншығы туралы не білетіндерін әңгімелету. Өздеріне ән немесе ертегі құрастыруына ықпал ету. сөйлеуді дамыту,

	Қолында бар сылдырмақ. <i>К. Ыбрайұлы</i> Өленді оқып беру. Өленнің мағынасын түсіндіру. Бірге жаттау. көркем әдебиет Балаларды орталықтарға бөліп құрастыру және сурет салу даңдыларын жетілдіру. карточкаларға қарап құрастыру материалдарынан ойыншықтар құрастырту. құрастыру Дәстүрден тыс әдіспен ойыншықтар бейнесін бояту сурет салу	бойынша орталықтарға бөлініп көліктердің суретін салдырту, мүсінін жасату және қағазға жапсырту.сурет салу, мүсіндеу, жапсыру	алуына жағдай жасап ойнату Таңдаған ойыншығының суретін салу және жапсыру, мүсіндеу жұмыстарын орындату Үй жануарлары мен жабайы жануарлар ойыншықтарын тамашалау. Олардың кітаптарға бейнелерін табу. Өз ойларын айтқызу. сөйлеуді дамыту	сурет салу, мүсіндеу.	көркем әдебиет)
Балалармен жеке жұмыс	Жеке баламен жұмыс: «Ойыншықтар театры»: Мақсаты: ойыншық кейіпкер	Еркін ойын: «Жедел жәрдем. Емхана. Аурухана» сюжетті-рөлді ойынының	Психологтың жұмысы: Ментемірмен үнді дыбысты (Р) дұрыс дыбыстауды	Жеке баламен жұмыс: «100 сөз» Тілі шықпаған балалармен зат атауларын қайталап	Жеке баламен жұмыс: Бояумен жұмыс жасау дағдыларын жақсарту үшін қол

	үшін іс-әрекет орындау, бейнелеудің басым құралдары дауыс ырғағы және бет қимылы болып табылады.	Мақсаты: берілген ойын әрекеттер сюжеттеріне сәйкес балалардың топтарға бөліне білу және аяқталғаннан кейін қайтадан бір ұжымға бірігу бөлігін қалыптастыру.	қалыптастыруға жұмыс жасау.	тілдерін жаттықтыру	моторикасы дұрыс дамымаған балалармен жұмыс жүргізу
Кешкі ас 16:45 – 17:00	Бата: « дастарханың майлы, Көңілің жайлы болсын. Өміріңе не тілесен, тілегің қабыл болсын. Әумин!				
Серуенге дайындық	Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)				
Серуен 17:00 – 17:50	Қимылдық ойын: «Тымпи-тымпи». Мақсаты: Топ болып ойнауға, рөлдерді бөліп ойнауға қалыптастыру. Ойын барысы:Тымпи-тымпи ойынын бастаушы дөңгеленіп отырған ортасына шығып: «Тым-тырыс, тымпи-тымпи», - дейді.Осы сәтте қалған адамдар үндемеуге тиіс.				
Серуеннен оралу 17:00 -17:50	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау (көрем әрекет, дербес ойын әрекеті)				
Балалардың үйге қайтуы 17:50- 18:00	Қазақ тіліндегі сөздерді зерделеу бойынша ұсыныстар беру	Режим бойынша өмір сүру» ауызша журнал	«Баланы тәрбиелеудегі отбасының рөлі» ата-ана бұрышындағы кеңес	Ас атасы – нан» балалар-ата-аналар жобасы. Міндеті : нан туралы білімді жүйелеуде білім беру қатынастарына қатысушы ретінде ата-ананың қызметін жандандыру.	Сәтті демалыс тілеу

Әдіскер:  А.Досекеева

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: «Жан-Нұр» бөбекжай- бақшасы

Топ: «Бөбек» ортаңғы топ

Балалардың жасы 3 жас

Жоспарлардың құрылу кезеңі: 16 - 20 қыркүйек 2024 жыл

Тәрбиешілер: Жақсылық Мираш

Күн тәртібі	Дүйсенбі 16.09.2024ж	Сейсенбі 17.09.2024ж	Сәрсенбі 18.09.2024ж	Бейсенбі 19.09.2024ж	Жұма 20.09.2024ж
Балаларды қабылдау 08:00 – 09:00	Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: отбасылық дәстүр туралы жеке әңгіме, балалармен қарым-қатынас жасау және жақсы көңіл-күй қалыптастыру ойындары.	Сиқырлы сөздермен қарсы алу (көйлегің қандай әдемі т.б. Коммуникативті дағды	Достық эстафетасы арқылы қарсы алу Коммуникативті дағды	Көңілді күн әнімен қарсы алу Шығармашылық дағды	Қонаққа келген қуыршақпен қарсы алу Коммуникативті дағды
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Балалардың денсаулығы туралы ата-аналармен әңгімелесу. «Баланың шкафында не болуы керек?» кеңес беру	Баланың денсаулығы жайлы әңгіме	Баланың басқа балалармен қарым – қатынасы жайлы әңгіме	Топтық іс-шаралар мен меркелер жайлы әңгіме	Баланың көңіл күйі туралы әңгімелесу


Балалардың дербес әрекеті(баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	«Жеке атауын ата» Мақсаты: көкіністердің аттарын жеке – жеке атап, түстерін, пішіндерін ажырата алады. Қоршаған ортамен таныстыру	«Құстарға көмектесеміз» Мақсаты: Балалар құстар туралы түсініп, өз ойын айта алады. Экологиялық тәрбие	«Қайсысы қайда тіршілік етеді?» Мақсаты: суреттерден көрген заттарының аттарын атап, олардың қайда өмір сүретінін айтады. Қоршаған ортамен таныстыру	«Балық аулау» Мақсаты: сұрақтарға жауап бергізе отырып, логикалық қабілетін дамиды Танымдық дағдылар	«Дыбысынан таны» Мақсаты Есту қабілеттерін дамытады. Тілдік қарым -қатынас мәдениетін дұрыс қолданады. Шығармашылық дағдылар
Таңертеңгі жаттығу 08:00 – 09:00	Қыркүйек айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).				
Таңғы ас 09:00 – 09:30	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жемдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)				
Ұйымдас тырылған іс-әрекетке дайындық 09:30 - 09:40	Көкөністер мен жемістердің суретін салу Құмға таяқшалармен, асфальтқа бормен, өз бетінше ойдан сурет салуға мүмкіндік беру. Сурет салу	Құрылыс материалдарынан әртүрлі түстегі және пішіндегі бөлшектерден қарапайым құрылыстар құрастыру Құрастыру	Сазбалшық, камыр, ермексаз кесектерінен бөліп алу, дөңгелектеу, ширату, созу тәсілдерін пайдалана отырып, көкөністер мен жемістерді, кейбір заттарды, азық-түлік тағамдарын	Дайын пішіндерден заттардың бейнесін жасауға үйрету Бейнеленген заттарға сәйкес түстерді таңдау Жапсыру	Балабақшада, үйде, көшеде тәртіп сақтауға баулу. Балаларды әдепті қарым-қатынасқа үйретуді жалғастыру (амандасуға, қоштасуға, көмек көрсеткені үшін алғыс айтуға үйрету) Қоршаған

			мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру Мүсіндеу		ортамен таныстыру
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет 09:40 – 10:20	Дене шынықтыру Белгілі бір тапсырмаларды орындау арқылы жүгіру дағдыларын қалыптастыру: Сапта бір-бірлеп, бірінің артынан бірі, аяқтың ұшымен, қол мен аяқ қозғалыстарын үйлестіру, аралықты сақтай отырып, бағытты өзгертіп, шеңбер бойлап жүгіру.	Музыка Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдау; Аспаптардың, музыкалық және шулы ойыншықтардың дыбысталуын ажыратуды үйрету	Дене шынықтыру Белгілі бір тапсырмаларды орындау арқылы жүгіру дағдыларын қалыптастыру: Сапта бір-бірлеп, бірінің артынан бірі, аяқтың ұшымен, қол мен аяқ қозғалыстарын үйлестіру, аралықты сақтай отырып, бағытты өзгертіп, шеңбер бойлап жүгіру.	Қазақ тілі (күз мезгілі туралы не білетінін анықтау. Олар туралы не білгісі келетінін сұрау. Сурет салу «Құс қанат» оюын таныстыру, қалаулары бойынша түстерді таңдап бояту.	Дене шынықтыру Сапта бір-бірлеп, бірінің артынан бірі, аяқтың ұшымен, қол мен аяқ қозғалыстарын үйлестіру, аралықты сақтай отырып, бағытты өзгертіп, шеңбер бойлап жүгіру.
	күз мезгілі туралы не білетінін анықтау. Олар туралы не білгісі келетінін сұрау. Дидактикалық ойын «Кім екенін	«Ғажайып қапшық» дидактикалық ойыны. Шарты: қапшықтан заттар бейнеленген суреттерді бір-	«Бала бала балапан» әнін айтқызу. би қимылдарын жасату. Балапан туралы не білетінін сұрау. сөйлеуді дамыту	 «Қай ертегіден» дидактикалық ойыны арқылы суреттерді	Терезеден көліктерді көрсету, дауыстарын салу. Кімнің үйінде көлік бар.. Дөңгелектерін қалай ауыстырады. Диалог құруды

	тап» ертегі желісі бойынша ойыншықты тауып, атауын үйрету. сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет	бірден алып шығады. Мысалы: – Аспазға азық-түлік, қазан, таба, тамақ пісіретін плита керек. – Дәрігерге дәрумендер, температура өлшегіш (градусник), дәке керек. сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру	«Құс қанат» оюын таныстыру, қалаулары бойынша түстерді таңдап бояту. сурет салу ұлттық құндылық Құрастыру материалдарынан карточкаларға қарап балапан құрастыруға көмектесу құрастыру	көрсетіп, қай ертегі кейіпкері екенін тауып, әңгімелеуді қалыптастыру. Ертегілерде күз бейнесі қалай бейнелегенін суреттерден көрсету. көркем әдебиет Суреттегі ертегі кейіпкерлерін салыстыру, санату математика негіздері Балалардың таңдауы бойынша ертегі желісі негізінде шығармашылық жұмыстарды жасату. сурет салу, мүсіндеу жапсыру	үйрету. көркем әдебиет Әр түрлі көлемде ермексаздан дөңгелектер жасату. Оларды салыстыру, санату, (математика негіздері және мүсіндеу) Көліктерге арнап гараж құрастырғызу (құрастыру)
Дәруменді таңғы ас 10:20 – 10:30	Балаларға дәруменнің ағзаға пайдасын айтып түсіндіру.				

Серуенге дайындық	Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту)				
Серуен 10:30 – 12:10	Күнді бақылау Мақсаты: Балаларды табиғат құбылыстарымен таныстыру: күнің қысқаруы, түннің ұзаруы түсінік беру. Тәрбиеші күннің ауысып, орналасқан жерін байқатады; (күндіз және кешкілікте) күннің шығуын, батуын бақылау; күн сәулесінің терезеге түсуі бойынша күннің орналасуын белгілеу. Қимылды ойын: «Қоңыздар» Еңбек: құмсалғышты жапырақтардан тазарту.	Шықты бақылау Мақсаты: Балаларды табиғат құбылысы шықпен таныстыру. Бақылау: Неге шөп дымқыл? Бұл дымқылдық қайдан келді деп ойлайсындар? Бұл қандай құбылыс? (Шық) Ол қалай пайда болды? (күн ұясына батқаннан кейін жер, шөп, жапырақтар суып шық пайда болады. Шық - бұл түнгі өсімдіктердің беті және топырақтарда жиналған дымның тамшысы Қозғалмалы ойын: «Мысық пен торғайлар» Алаңдағы еңбек: кураған	Күзгі аспанды, бұлтты бақылау Мақсаты: Өлі табиғат аспан туралы түсінік беру; аспанның әсемдігін бақылауды қалыптастыру; шығармашылық қабілеттерін дамыту, аспанның ашықтығы туралы білімдерін жетілдіру.Бұлт туралы түсінік беру. Қозғалмалы ойын: «Орамал тастау». Алаңдағы еңбек: Құмсалғышты қоқыстан тазарту. (жапырақ, қағаздарды жинау)	Аула тазалаушыны бақылау Мақсаты: Балаларға аула тазалаушы еңбегі жөнінде мағлұмат беру. Үлкендер еңбегін бағалай білуге. Қоршаған ортаны таза ұстау мақсатында азда болса өз үлестерін қосуға тәрбиелеу. Қимыл – қозғалыс ойын: «Жапалақ» Мақсаты: Баланы біраз уақытқа дейін қозғалмай тұруға және мұқият тыңдай білуді үйретеді. Еңбек алаңында жұмыс істеу: қоқыстарды белгіленге орынға	Күзгі желді бақылау Мақсаты: балаларды табиғат құбылыстары,желдің соғуын,желдің бағытын,жылдамдығын бақылауға ажырата білуге үйрету. Жапырақтардың желден сыбдырлағаның тыңдау. Қағаздан жасаған таспа(лента), неге сыбдырлайды? (соққан желден қозғалып сылдырлайды) Қимыл – қозғалыс ойын «Ұшақтар». Мақсаты : әр – түрлі бағытта жүгіріп жүруге үйрету, бір – бірін қағып соқпай

		өсімдіктерді жинау.		жинау.	жүруге үйрету. Белгі бойынша жүріп тоқтауға жатықтыру.
Серуеннен оралу 12:10 – 12:30	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. (дербес қимыл әрекеті).				
Түскі ас 12:30- 13:00	Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)				
Күндізгі ұйқы 13:00 – 15:10	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету.				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары 15:10 – 15:30	Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар).				
Бесін ас 15:30 – 16:00	Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру. үйрету (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары,	Таңертең қандай іс әрекет жасағандарын күн тәртібі кестесі бойынша көрсету.	Үстел үсті театр ойыншықтарын сол жақтан оң жаққа қарай орналастыру дағдыларын	Вариативті компонент Тақырыбы: «Қызыл телпек» Мақсаты: ертегі	«Шалқан» және «Жеті лақ» ертегілерін айтып беру дағдыларын пысықтау.	Кітаптардан ертегілерді қарау. Суреттер арқылы ертегі айтып беру дағдысын

бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер) 16:00 - 16:45	Жыл мезгілдерін санау, табиғат бұрышынан өзгерістерді анықтату. математика негіздері сазбалшықтың, ермексаздың қасиеттерімен танысу дағдыларын жетілдіру. Сазбалшық, камыр, ермексаз кесектерінен бөліп алу, дөңгелектеу, ширату, созу тәсілдерін пайдалана отырып, көкөністер мен жемістерді, кейбір заттарды, азық-түлік тағамдарын мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру. Дайын пішіндерден	дамыту Математика негіздері,көркем әдебиет Құрастырмалы ойынышықтардан төрт түлікке қора құрастырту Құрастыру Фланелеграфта төрт түлікті төлдерімен сол жақтан оң жаққа қарай жапсыруды пысықтау Жапсыру	кейіпкерлерінің жағымды, жағымсыз қасиеттерін көруге үрету. Ойын нақты және түсінікті етіп жеткізе білуге дағдыландыру  Торғай ойыншықтарын сол жақтан оң жаққа қарай орналастыру мен салыстырту (үлкен, кіші) Математика негіздері «Әнші балапан» әнін тыңдату, сюжеттік мүсіндеуді орындату. Мүсіндеу,музыка	Кітаптарға қарап айту. дауысты (а, ә, е, о, ұ) және кейбір дауыссыз (п-б, к-қ, т-д, ж-ш, с-з) дыбыстарды айта білуін пысықтау. сөйлеуді дамыту	қалыптастыру. сөйлеуді дамыту Балалардың тандауы бойынша көлік түрлерінің суретін салып, дайын дөңгелектерді көліктерге жапсыру жұмыстарын орындату сурет салу, мүсіндеу, жапсыру
--	---	---	--	---	---

	заттардың бейнесін жасауға үйрету; Желімдеу техникасының бастапқы дағдыларын игеру. мүсіндеу, жапсыру Табиғи материалдардан үй құстарына үйшік құрастырту. Құрастыру				
Балалармен жеке жұмыс	«Қимылды есте сақта» Міндеті: көрсетілген қимылды түсіну, есте сақтау және көбейту қабілетін дамыту; қол-көз жадын, зейінді дамыту Физикалық дағдылар	«Ертегі кейіпкерін біл» Міндеті : кейіпкерді аталған белгі бойынша анықтау Қарым-қатынас дағдылары	«Кім қайда ұйықтайды» Міндеті : ақыл-ой қабілетін, негізгі геометриялық фигура туралы түсінігін дамыту; Танымдық және зияткерлік дағдылар әрекетін қалыптастыру	«Саусақтармен сурет салу» Міндеті: ұсақ моториканы дамыту; түстерді зерттеуге көмектесу Шығармашылық дағдылар, зерттеу қызметі	«Зат және әрекет» Міндеті: балалардың заттың қасиеті туралы білімін бекіту; олардың сөздік қорын байытуға және кеңейтуге ықпал ету Әлеуметтік-эмоционалды дағдылар
Кешкі ас 16:45 – 17:00	Балалар тамақтанған кезде үстел басында дұрыс отыруын қадағалау.				

Серуенге дайындық	Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				
Серуен 17:00 – 17:50	«Қояндар мен қасқыр» ойыны Мақсаты: Балаларды кеңістікте берілген белгі бойынша қимылдауға үйрету. Міндеті: Балаларды мәтін сөзіне байланысты қимылдауын қалыптастыру.				
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. (көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).				
Балалардың үйге қайтуы 17:50 – 18:00	Ата-анаға кеңес: Үйде баласымен қарандашпен жұмыс жасауларына кеңес беру.	Ата-аналарға балаларға оқылатын қызықты ертегілер туралы ақыл-кеңестер беру.	Балалар отбасында өздері не істей алатындары туралы әңгімелесу.	Кеңес: Бала өміріндегі жолда жүрі ережелері.	Демалыстарды жақсы өткізу ниетін білдіру

Әдіскер:  А.Досекеева

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: «Жан-Нұр» бөбекжай- бақшасы

Топ: «Бөбек» ортаңғы топ

Балалардың жасы 3 жас

Жоспарлардың құрылу кезеңі: 23 - 27 қыркүйек 2024 жыл

Тәрбиешілер: Жақсылық Мираш

Күн тәртібі	Дүйсенбі 23.09.2024ж	Сейсенбі 24.09.2024ж	Сәрсенбі 25.09.2024ж	Бейсенбі 26.09.2024ж	Жұма 27.09.2024ж
Балаларды қабылдау 08:00 – 09:00	Балалық шақ күйінің сүйемелдеуімен түрлі түсті асықтармен қарсы алу. Ұлттық құндылық.	Қонаққа келген қуыршақпен қарсы алу Сұрақ-жауап доп арқылы Коммуникативті дағды	Достық эстафетасы арқылы қарсы алу Коммуникативті дағды	Балаларды қоңыраумен қарсы алу. Сылдырлатып қоңырауын соғып кіріп,келесі балаға береді. Коммуникативті дағды	Сиқырлы сөздермен қарсы алу (көйлегің қандай әдемі т.б) Коммуникативті дағды
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Баланың бақшаға бейімделуі жайлы әңгіме	Баланың денсаулығы жайлы әңгіме	Баланың басқа балалармен қарым –қатынасы жайлы әңгіме	Топтық іс-шаралар мен меркелер жайлы әңгіме	Баланың көңіл күйі туралы әңгімелесу
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті,	 Мнемотехника әдісі. Ойыншықтарды сипаттау. Әр топ балалары	«Әжең туралы әңгімелеп бере»баланың сөздік қорын туысқандарының атауларын білдіретін сөздермен байыту.	«Көңілді кубиктер»Кубиктерді пайдаланып, түрлі құрастырулар жасайды.«р», «қ»дыбыстарын дкрыс айтуға үйрету.	Тақпақ жаттау. «Ойыншықтар».Ойыншықтарым көп менің, Бәрін жақсы көремін. Кешке дейін жалықпай, Бірге ойнап	«Қасқыр мен түлкі»тапқырлыққа үйренеді, ,ертегінің соңын өз қиялдары бойынша аяқтауды біледі.арқылы шығармашылық қабілеттерін

кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)	өздерінің қолындағы ойыншықтарды сипаттап айтып береді. Коммуникативті дағды	Коммуникативті дағды	Коммуникативті дағды	жүремін. Көркем әдебиет	дамыту. Балалармен жеке жұмыс. Түстеріне қарай заттарды топтауға үйрету.
Таңертенгі жаттығу 08:00 – 09:00	Қыркүйек айына арналған таңертенгі жаттығулар кешені (жалпы дамытушыл жаттығулар, қимыл белсенді ойындар)				
Таңғы ас 09:00 – 09:30	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету (мәдени гигиеналық дағдылар, өзіне –өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке Дайындық 09:30 – 09:40	«Адам еңбегі» презентациясын қарауМіндеті: балаларды Адам еңбегімен таныстыру; балаларға еңбек өте маңызды екенін, бір-бірімізге көмектесуіміз керек екенін көрсету. Қоршаған ортамен таныстыру.	«Кімге онсыз оларсыз болмайды?»Міндеті: балалардың әртүрлі кәсіптердегі адамдарға қажетті материалдар, құралдар мен жабдықтар туралы білімдерін бекіту; кәсіптердің атауын қазақ тілінде оқыту.Қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді	«Күзгі орманда» Міндеті: қарама-қарсы сипаттағы аспаптық пьесаларды тыңдауға үйрету. Ән айту: аспаптың сүйемелдеуімен ересек адаммен бірге ән айту дағдыларын қалыптастыру. Музыка	Психогимнастика «Бағбан» жаттығуы Міндеті: қиялды, қимылдардың мәнерлілігін дамыту . Физикалық дағды	«Жұмысты таңдау» дидактикалық ойыныМіндеті: балаларға еңбегі бақылау саласында болмаған адамдардың кәсіптері туралы қарапайым түсініктер беру; кез келген кәсіптегі адамдардың еңбегіне қызығушылық тудыру; кәсіптердің атауын қазақ

		дамыту,қазақ тілі.			тілінде бекіту. Сөйлеуді дамыту.қазақ тілі.
Білім беру ұйымының кестесібойынша ұйымдастырылған іс-әрекет 09:40 – 10:20	Дене шынықтыру Сапта бір-бірлеп, бірінің артынан бірі, аяқтың ұшымен, қол мен аяқ қозғалыстарын үйлестіру, аралықты сақтай отырып, бағытты өзгертіп, шеңбер бойлап жүгіру.	Музыка Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдау; Аспаптардың, музыкалық және шулы ойыншықтардың дыбысталуын ажыратуды үйрету Ойын мен ойын жаттығулары арқылы сөздік қорын кеңейту. Екі бала арасында доппен ойын. Допты бір біріне берер кездебір бала жемістерді, ал екіншісі көкөністерді атайды	Дене шынықтыру Екі бала арасында доппен ойын. Допты бір біріне берер кездебір бала жемістерді, ал екіншісі көкөністерді атайды	Қазақ тілі Балалардың қалауы бойынша дамытушы орталықтарға бөлініп дербес шығармашлық әрекеттер жасау. Сурет салу дөңгелек пішінді жемістердің суретін салу	Дене шынықтыру (Сапта бір-бірлеп, бірінің артынан бірі, аяқтың ұшымен, қол мен аяқ қозғалыстарын үйлестіру, аралықты сақтай отырып, бағытты өзгертіп, шеңбер бойлап жүгіру.
	Балаларға келген хаты көрсету. Ашып хатта	Сөйлеуді дамыту Балалардың қалауы бойынша	Геометриял ық пішіндерді	Кітап орталығында кітаптардан жемістермен	Балаларға топтағы жеміс пен көкөніс макет


суреттерді алып көрсету. Бұл қандай жеміс немесе көкөністанисындар ма?деп сұрау Әр балаға бір сурет алып атауғаберу. Ол атауларда дауысты (а, ә, е, о, ұ) және кейбір дауыссыз (п-б, к-қ, т-д, ж-ш, с-з) дыбыстарды айтқызу арқылы дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту Сөйлеуді дамыту Иісім жұпар аңқыған, Бақшадағы шырынмын . Жеп көргендер тамсанған —	дамытушы орталықтарға бөлініп дербес шығармашылық әрекеттер жасау. Ыдыстарға жемістермен көкөністерді салу. Балалардың қалауы бойынша Сурет салу Ширату, созу тәсілдерін пайдалана отырып, көкөністер мен жемістерді мүсіндеу. Мүсіндеу	тану (дөңгелек, үш бұрыш, шаршы) және атау. Жемістермен көкөністер қандай пішінге сәйкес келеді. Карточкалармен жұмыс. Математика негіздері Пластиналарды тік бағытта және көлденең орналастыру тәсілдерін пайдалану арқылы қарапайым құрылыстар құрастыру. Құрастыру	көкөністердің суреттерді көрсетіп сұрақтар қою. Тіл ұстарту жаттығуын жасау. Із —із —із — бақшадағы сәбіз Ет – ет- ет- алматолы себет. Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет Ірі және ұсақ құрылыс материалдарынан құрастыру дағдыларын жетілдіру. Құрастыру	ойыншығымен ойнауға жағдай жасау. Ойнап отырған ойыншығы тура сұрау. Бұл ойыншық несімен ұнайды. Оның түсі, пішіні қандай және т.б сөйлеуде зат есімдерді жекеше, көпше түрде қолдану. Апта бойы жаттаған тақпақ пен тіл ұстарту жаттығуын қайталап айтқызу. Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет Балалардың қалауы бойынша сурет салу немесе ермексазбен еркін шығармашылық
---	---	--	---	--

	Балдай тәтті қауынмын. Көркем әдебиет				жұмыстар ұйымдастыру. Сурет салу Мүсіндеу
Дәруменді таңғы ас 10:20 – 10:30	Күздің к.ні қызанақтың пайдасы туралы түсінік қалыптастыру.				
Серуенге дайындық	Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту)				
Серуен 10:30 – 12:10	Бақылау: Күз мезгілін бақылау Мақсаты: балаларға күз мезгілі туралы түсінік беру. Еңбек: Участкедегі шашылған ағаш бұтақтарын жинату. Мақсаты: Еңбекке баулу. (<i>еңбек қызметі</i>) Қимылды ойын. «Кептерді қуып жет» Мақсаты: Белгілі бір тапсырмаларды орындау арқылы еркін жүру және жүгіру	Бақылау: Бұлтты бақылау Мақсаты: балаларға бұлттың неге ұқсайтынын, қай бағытқа көшіп жатқанын бақылатып әңгімелеу. Еңбек: Участкедегі шашылған жапырақтарды жинату. Мақсаты: Еңбекке баулу. (<i>еңбек қызметі</i>) Қимылды ойындар. «Түсті автокөліктер» Жаттығуларды заттармен және заттарсыз	Құстарды бақылау Мақсаты: Күзгі құстардың өмірі жайлы түсінік беру. <i>(қоршаған ортамен танысу-әлеуметтік қызмет)</i> Көркем сөз: «Суық торғай» (С. Қалиев) Торғай-торғай тондың ба, Қарап қойып жай ғана, Тұра алмайсың орнында? Жем іздейсің айнала. Бір қонасың, бір ұшып,	Ағаштардан желмен ұшып түсіп жатқан жапырақтарды бақылау. Мақсаты: Жапырақтардың ағаштардан қалай түскенін бақылап, әдемі жапырақтардың айналаға қалай сән беріп тұрғанын әңгімелету. Еңбек: Шашылған жапырақтар қалдықтарын жинау. Мақсаты: еңбекке баулу. (<i>еңбек қызметі</i>) Көркем сөз: Ертегі оқып беру	Құмдағы іздерді бақылау Мақсаты: Участкелердегі құмдағы іздердің кімнің ізі екенін айыра білуге үйрету. Өз іздерін бір-бірімен салыстыру. Еңбек: Құм салғыштағы құмды күрекшелерімен көтеру. Мақсаты: еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. (<i>еңбек қызметі</i>) Қимылды ойын. «Жапалақтар» (<i>дене қозғалысы</i>)

	дағдыларын қалыптастыру. (дене қозғалысы қызметі) Еркін ойындар.	орындау. Еркін ойындар	Үйге кірші, торғайым, Отырасың бүрісіп. Мен аяздан қорғаймын Қимылды ойын 3 «Ақ қоян» (дене қозғалысы) Еркін ойын	«Ағаштар ұйықтайма?» (көркем әдебиет- әлеуметтік қызмет) Қимылды ойын. «Қасқырлар мен лақтар» (дене қозғалысы) Еңбек әрекеті	Еркін ойын
Серуеннен оралу 12:30 – 12:30	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. (дербес қимыл әрекеті).				
